

**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті мен  
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық  
институты арасындағы білім және ғылым саласындағы  
ынтымақтастық туралы  
КЕЛІСІМ ШАРТ**

Орал – Арқалық

« 13 » 02 2017 ж.

Жоғары білім беру және ғылым саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық, ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің жарғы негізінде әрекет ететін ректоры **Раушан Смадиновна Габдуалиева** атынан, және Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жарғы негізінде әрекет ететін ректоры **Куанышбаев Сейтбек Бекенұлы** атынан, әрі қарай Тараптар:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңнамаларын, «2011-2020 жылдарға арналған білім берудің мемлекеттік даму бағдарламсын» басшылыққа ала отырып;

- Тараптардың жоғары кәсіби білім мен ғылым саласында әрі қарай дамытуды ұйымдастыру мен екі жақты ынтымақтастықты тереңдетуге талпыныстарын ескере отырып;

- Тараптардың ынтымақтастық арқылы мамандарды дайындауда сапаны арттыруға және жоғары оқу орнында оқу-әдістемелік, ғылыми үрдістерді ұйымдастыруды жетілдіруге ұмтыла отырып;

- ынтымақтастық Тараптардың әрі қарай дамуына мүмкіндік беретінін ұғына отырып, осы келісім шартты жасасты.

### 1. Шарттың мәні

Осы Шарттың мәні, Тараптар арасында білім және ғылым саласындағы төменде көрсетілген жолмен өзара қызығушылық танытатын ынтымақтастық болып табылады:

1.1. Жоғары білім беру жүйесін жетілдіруде өзара көмек көрсету, профессор-оқытушылар құрамының біліктілікті арттыру, ғылыми кадрларды даярлауды және жоғары оқу орнының оқу-әдістемелік жұмысын күшейту, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, авторлық құқықтарын сақтай отырып, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен алмасу.

1.2. Жекелеген дәрістер курстарын оқу үшін жоғары білікті мамандарды тарту, Тараптардың оқытушыларына, магистранттарына, докторанттарына ғылыми кеңестер беру.

1.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын келісу арқылы, қазіргі заманғы дамып келе жатқан және болашағы бар ғылымның бағыты бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер өткізу, ортақ ғылыми зерттеуді ұйымдастыру, бірлескен ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу,

ғылыми еңбектерді шығару.

1.4. Магистранттарға, докторанттарға жеке білім бағдарламаларын оқуға, жеке келісім-шарт негізінде магистрлік, докторлық диссертацияларды қорғауға дайындыққа көмек көрсету.

## 2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптар келесі бағыттар бойынша қызметін жүзеге асырады:

2.1. Тараптардың білім беру үрдісінің қалыптасуы және жетілдіруіне қатысуын қамтамасыз ету, Болон үрдісінің негізгі принциптерін жүзеге асыру.

2.2. Ортақ білім беру бағдарламалары бойынша серіктес - жоғары оқу орындарында студенттерді қысқа және ұзақ мерзімді оқыту.

2.3. Академиялық алмасу шеңберінде педагогикалық мамандықтар бойынша оқыту үшін студенттерді, магистранттарды, докторанттарды қабылдау.

2.4. Еңбек нарығына қажетті мамандарды дайындау үшін, бірлескен білім бағдарламаларын, оқу жоспарларын дайындау бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.

2.5. Серіктес-жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарына, ғылыми жобаларына, инновациялық конкурстарға қатысу.

2.6. Бірлескен ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, ғылыми-әдістемелік семинарларды ұйымдастыру мен өткізу.

2.7. Бірлескен ғылыми еңбектер жинағын, монографиялар, ғылыми-әдістемелік құралдарды шығару.

2.8. Магистранттарға, докторанттарға ғылыми жетекшілік жасау; кеңес беру, келісілген шарттарға сәйкес магистранттар мен докторанттардың диссертациялық жұмыстарына оппонет ретінде атсалысу.

2.9. Серіктес жоғары оқу орындарында ғылыми тәжірибе, біліктілігін арттыру курстарында оқытуды өткізу арқылы, профессор-оқытушылар құрамының, магистранттардың, докторанттардың біліктілігін арттыру.

2.10. Алдын ала келісілген шарттарға сәйкес, серіктес - жоғары оқу орнының жетекші ғалымдарын магистранттарға, студенттерге маңызды мәселелер бойынша жеке дәріс курстарын оқуға шақыру.

2.11. Серіктес- жоғары оқу орындарымен өткізілетін студенттік ғылыми конференцияларға ПОҚ ғылыми конференцияларына қатысу үшін оқытушыларды, магистранттарды, студенттерді шақыру.

2.12. Білім беру сапасын арттыру мақсатында қазіргі заманғы білім беру технологияларын дамыту, соның ішінде дистанциондық білім беру.

2.13. Серіктес - жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын қолдана отырып, студенттер мен магистранттарға тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу.

2.14. Барлық қызметтерді келісім-шарт негізінде, қосымша келісім жасау арқылы көрсету.

### 3. Өзге жағдайлар

3.1. Екі жақтың сәйкесінше хаттамамен келісімге қол қойғаннан бастап күшіне енген соң, Тараптар осы келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.

3.2. Осы келісім шарт қол қойған Тараптарға құқықтық міндеттеме жүктемейді. Тараптармен бірлесіп және осы келісім-шарттан туындаған әрекеттер, жеке келісімнің немесе келісімдердің мәні болып табылады. Тараптардың арасындағы құқықтық қатынастар осындай келісімнің немесе келісімдерді жүзеге асыру барысында қалыптасады.

### 4. Келісім шарттың мерзімі

4.1. Осы келісім-шарт тең құқықтық күшке ие, қазақ тілінде, екі данада дайындалды, бір данадан әр Тарапқа беріледі.

4.2. Келісім-шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл қызмет етеді, егер Тараптардың біреуі келісім-шартты бұзуға ниет білдірмесе және екінші Тарапты хабардар етпесе, өз дігінен автоматты түрде 5 жылға ұзаруға құқылы.

### 5. Тараптардың заңды мекен-жайы:

ЖМКББМ «Батыс Қазақстан  
инновациялық-технологиялық  
университеті»  
Мекен-жайы: 090000, Қазақстан  
Республикасы,  
Орал қ, Достық-Дружба даңғылы, 194  
тел./факс: 8(7112) 509990  
E-mail: [wkitu@mail.ru](mailto:wkitu@mail.ru)

«Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық мемлекеттік  
педагогикалық институты»  
Мекен-жайы: 110300, Қазақстан  
Республикасы, Арқалық қ,  
Әуелбеков көшесі, 17  
тел. 8 (71430) 7-24-88  
8 (71430) 7-08-87  
E-mail: [arkgpi@mail.ru](mailto:arkgpi@mail.ru)



Ректор  Р.С.Габдуалиева

2017ж.



Ректор  С.Б.Куанышбаев

2017ж.